

**«СентрасИншуранс» СК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2019 жылғы «09» қыркүйекте
№35 шешімімен
Бекітілді**

**«СентрасИншуранс» СК» АҚ
Басқармасының
2019 жылғы «09» қыркүйекте
№35 хаттамасымен
Келісілді**

П-04

**ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТТАР БОЙЫНША БИЛІК ЖҮРГІЗУДІ ЖӘНЕ
ПАЙДАЛАНУДЫ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	П-04 Инсайдерлік ақпараттар бойынша билік жүргізуді және пайдалануды ішкі бақылау ережелері	ж. №4 Басылым	6-беттен 2-шісі
		20.12.2017 ж. №3 Басылымның орнына	

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Инсайдерлік ақпараттар бойынша билік жүргізуді және пайдалануды ішкі бақылау ережелері (бұдан былай – Ережелер) Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңына, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ «Сентрас Иншуранс» СК»АҚ (бұдан былай - Қоғам) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

2. Осы Ережелермен келесі реттеледі:

- 1) Инсайдерлікке жататын ақпараттар тізілімі;
- 2) Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі және мерзімдері;
- 3) инсайдерлік ақпараттарға қол жеткізу құқықтарын шектеу үшін ішкі бақылау ережелері және осындай ақпаратты инсайдерлердің заңға қайшы пайдалануына жол бермеу;
- 4) инсайдерлік ақпараттарға қол жеткізу құқықтарына ие тұлғалардың тізімін жүргізу, оны маңызды қалыпта ұстау және тұлғаларды тізімнен шығару тәртібі;
- 5) тізімге енгізу/шығару кездерінде тұлғаларды ол туралы ескерту, сонымен қатар ондай тұлғаларды инсайдерлік ақпараттар бойынша билік жүргізу және пайдалану бөлігінде заңнаманың және осы ережелердің талаптарымен ақпараттандыру тәртібі және мерзімдері;
- 6) өздерінің қызметтік жағдайы және еңбек міндеттері күшіне сәйкес инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндіктері бар қызметкерлер туралы мәліметтерді заңды тұлғалар Қоғамға ұсыну тәртібі және мерзімдері;

7) инсайдерлік ақпараттар бойынша билік жүргізу және пайдалануға бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін басқа да ережелер.

3. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және/немесе Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

4. Осы Ережелердің талаптары орындалуына Қоғамның Комплаенс-контролері жауапты.

5. Инсайдерлік ақпараттар бойынша билік жүргізу және пайдалану бөлігінде осы Ережелер Қоғамның интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады, сонымен қатар Қоғамның инсайдерлеріне олардың сұранысы бойынша ұсынылады.

2-тарау. Инсайдерлік ақпарат

6. Инсайдерлік ақпарат – бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), олармен жасалған мәмілелер, сондай-ақ Қоғам, оның қызметі туралы коммерциялық құпияны құрайтын шынайы ақпарат сондай-ақ жариялануы бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнының өзгеруіне және Қоғамның қызметіне әсер ететін, үшінші тұлғаларға белгісіз басқа ақпарат.

7. Инсайдерлік ақпараттарға жатпайтындар:

1) Инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша ұсыныстар немесе ұсыныстар дайындау мақсатында жасалған, бағалы қағаздың (туынды қаржы құралы), Қоғамның мүліктік жағдайына қатысты зерттеулерді, болжамдар мен бағалауды қоса алғанда, жалпыға қол жетімді ақпарат негізінде дайындалған ақпарат;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;

3) дереккөзі белгісіз, түрлі адамдар ортасында таралатын расталмаған ақпарат, сондай-ақ Қоғамның ағымдағы немесе жоспарлы қызметіне қатысты болжамдар.

3-тарау. Инсайдерлер мен инсайдерлердің тізімі

8. Инсайдер - инсайдерлік ақпаратқа қол жетімді адам. Инсайдерлер таныған тұлғалар Қоғам және ол шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралы) туралы инсайдерлік ақпаратты ашудың тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін жауап береді, сондай-ақ Қоғам туралы және осы Қоғам шығарған (ұсынған) құнды қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы дәйексіз, толық емес және (немесе) жалған ақпаратты таратқаны үшін инвесторлардың және (немесе) Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін бұзғаны үшін жауап береді.

Қоғамның инсайдерлері деп келесі тұлғалар танылады:

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	П-04 Инсайдерлік ақпараттар бойынша билік жүргізуді және пайдалануды ішкі бақылау ережелері	ж. №4 Басылым	6-беттен 2-шісі
		20.12.2017 ж. №3 Басылымның орнына	

1) қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттерінің күшінде инсайдерлік ақпараттарға қол жеткізуге рұқсат берілген Қоғамның қызметкерлері;

2) Қоғамның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) 10% немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иелену, пайдалану және (немесе) билік жүргізу күшінде инсайдерлік ақпараттарға қол жеткізуге рұқсат берілген тұлғалар;

3) аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және талаптарымен инсайдерлік ақпарат ашу қарастырылған, жасалған шартқа (соның ішінде ауызша) сәйкес Қоғамға қызметтер ұсынатын басқа тұлғалар;

4) тізіміне Қоғам шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар енгізілген сауда-саттық ұйымдастырушысы;

5) қор биржасының директорлар кеңесінің, қор биржасының листинг комиссиясының және қор биржасының сараптама комитетінің мүшелері, олармен Қоғам бағалы қағаздармен сауда жүйесінде мәмілелер бекіткенде, сауда жүйесінде манипуляциялау мақсатында бағалы қағаздармен жасалған мәселелерді қарастыру мақсатында құрылған;

6) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктің және оның ведомствосының қызметкерлері, берілген функциялары мен өкілеттері күшінде инсайдерлік ақпараттарға қол жеткізуге рұқсат берілген мемлекеттік қызметкерлер;

7) Қоғам мүшелері болып табылатын, осы Ережелердің 8-тармағының 2),-4) тармақшаларында аталған, инсайдерлік ақпараттарға қол жеткізуге берілген өкілеттіктер күшінде ие қоғамдық бірлестіктер және өзін-өзі реттейтін ұйымдар;

8) Осы Ережелердің 8-тармағының 2),4) және 7) тармақшаларында аталған, қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттерінің күшінде инсайдерлік ақпараттарға қол жеткізуге рұқсат берілген ұйымдардың қызметкерлері;

9) Осы Ережелердің 8-тармағының 1)-8) тармақшаларында аталған тұлғалардан инсайдерлік ақпараттарды алған тұлғалар.

9. Қоғам инсайдерлік ақпараттар бойынша билік жүргізу және пайдалануға және бағалы қағаздар шығарылымына бақылауды қамтамасыз етуге міндетті, соның ішінде Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу құқығына ие тұлғалардың тізімін маңызды жағдайда ұстау және жүргізу жолымен. Инсайдерлер тізімі – Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу құқықтарына ие осы Ережелердің 8-тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар тізімі, оны жүргізумен Комплаенс контролер айналысады. Инсайдерлер тізімі осы Ережелерге **№3 Қосымшадағы** үлгіге сәйкес толтырылады және электронды нұсқада комплаенс-контролерде сақталады.

10. Қоғамның Инсайдерлер тізіміне осы Ережелердің 8-тармағының 2)-4) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан басқа қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттерінің күшінде инсайдерлік ақпараттарға қол жеткізуге рұқсаты бар келесі тұлғалар кіреді:

1) Қоғамның Директорлар Кеңесінің Төрағасы және мүшелері;

2) Қоғамның Басқарма Төрағасы және мүшелері;

3) Қоғамның Басқарма құрамына кірмейтін Басқарушы директорлары және Бас бухгалтері;

4) Заңнамаға сәйкес Қоғамның басшы қызметкерлері және Қоғам филиалдарының директорлары;

5) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары;

6) Құрылымдық бөлімшелердің келесіге жауапты қызметкерлері:

- қаржы есептілігін жасауға (Бухгалтерлік есеп және талдау департаменті, Қоғамның қаржысын басқаруға жауапты құрылым, Стратегиялық талдау басқармасы);

- корпоративтік басқару (Заң басқармасы, Қоғамның қаржысын басқаруға жауапты құрылым, Стратегиялық талдау басқармасы, Корпоративтік хатшы);

- комплаенс-контроль (комплаенс - контролер);

- тәуекелдерді және сақтандыру резервтерін талдау және бағалау (Андеррайтинг департаменті, тәуекелдер менеджері, актуарий);

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	П-04 Инсайдерлік ақпараттар бойынша билік жүргізуді және пайдалануды ішкі бақылау ережелері	ж. №4 Басылым	6-беттен 2-шісі
		20.12.2017 ж. №3 Басылымның орнына	

- ішкі аудит.

4-тарау. Инсайдерлер тізімін жүргізу және инсайдерлер тізіміне енгізілген/шығарылған тұлғаларды хабарлау тәртібі

11. Инсайдерлер тізімін уақтылы жаңарту мақсатында комплаенс-контролер тоқсанына кем дегенде бір рет Инсайдерлер тізімін жаңартып отырады, ол үшін осы Ережелердің 10-тармағының 6) тармақшасында бекітілген Қоғамның құрылымдық бөлімшелер басшыларына жобалардың мәртебесі өзгеруі туралы сұраныс жолданады, оған сәйкес Қоғам қызметкерлері инсайдер болып мойындалуы анықталады.

12. Инсайдерлер тізіміне тұлғаларды енгізу/шығару және инсайдерлерге қатысты бекітілген тәртіптерді ұстану мақсатында, инсайдерлік ақпаратқа уақытша қол жеткізу рұқсатын алған қызметкерлердің тиесілі құрылымның басшысы, сонымен қатар, осы Ережелердің 8-тармағының 3) тармақшасында бекітілген тұлғалармен азаматтық-құқықтық қатынастар құруға жауапты құрылымның басшысы, инсайдерлік ақпараттарға қол жеткізуге рұқсат беру құқығын беру/инсайдерлік ақпараттарға қол жеткізуге құқығын жою туралы аталған тұлғаларға Комплаенс-контролерге оларды инсайдерлер тізіміне енгізу/тізімнен шығару қажеттілігі негізделген қызметтік хат жолдауға міндетті.

13. Осы Ережелердің 12-тармағымен бекітілген Инсайдерлер тізіміне тұлғаларды енгізу/шығару қажеттілігі туралы шешімді Комплаенс-контролер қабылдайды.

14. Қоғам Инсайдерлер тізіміне енген тұлғаларды инсайдерлік ақпаратты иеленудің құқықтық салдары және инсайдерлік ақпараттар бойынша билік жүргізу және пайдалану бойынша заңнама талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік жөнінде Инсайдерлер тізіміне енгізу/шығару күніне дейін 5 (Бес) күнтізбелік күн бұрын ескертеді, ол үшін Ережелердің **Қосымша №1 және №2** нысанында жасалған ескерту жолданады, ескертуді алған тұлға оны алу фактісін растайды.

15. Инсайдерлер тізімі уәкілетті органның талабымен, онда көрсетілген мерзімде, Қоғамның инсайдерлік ақпараттарына қол жеткізуге рұқсаты бар тұлғалардың келесі мәліметтері бар ақпаратпен ұсынылады:

- 1) Тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні;
- 2) Заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін) растайтын құжатының реквизиттері;
- 3) Инсайдерлер тізіміне тұлғаны енгізудің негізі (заңнамалық актінің бабы, оған сәйкес тұлға инсайдер болып мойындалған);
- 4) Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіз орын алу күні;
- 5) Инсайдерлер тізімінен шығару күні (инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу рұқсаты жойылған күн).
- 6) Инсайдерлер тізіміне инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу сипаты туралы мәлімет кіреді (тұрақты немесе уақытша); инсайдерге ескерту жолдау және осы Ережелерге **Қосымша №1 және №2** сәйкес инсайдерлік ақпаратты жарияламау туралы инсайдер қол қойған міндеттеме-хатты Қоғам алуы туралы белгі.

16. Қоғам Инсайдерлер тізімін тұрақты негізде сақтайды.

5-тарау. Инсайдерлік ақпаратты жария ету тәртібі және шарттары

17. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Қоғамның қызметіндегі өзгерістер туралы инсайдерлік ақпарат бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылады, және ондай өзгерістер орын алған күннен бастап он бес күнтізбелік күн аралығында бұқаралық ақпараттар құралдарында жарияланады.

18. Қоғамның корпоративтік шаралары туралы инсайдерлік ақпарат қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ондай шаралар орын алған күннен бастап 5 (Бес) жұмыс күні аралығында орналастырылады.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	П-04 Инсайдерлік ақпараттар бойынша билік жүргізуді және пайдалануды ішкі бақылау ережелері	ж. №4 Басылым	6-беттен 2-шісі
		20.12.2017 ж. №3 Басылымның орнына	

19. Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат акционерлерге корпоративтік дау бойынша азаматтық іс қозғау туралы Қоғам соттың ескертуін алған күннен бастап 7 (Жеті) жұмыс күні аралығында ұсынылады.

20. Қаржылық есептілік бөлігіндегі инсайдерлік ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасымен, соның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен анықталған тәртіпте және мерзімдерде жарияланады.

21. Инсайдерлік ақпарат интернет-ресурста жариялау және/немесе Қоғамның Жарғысымен анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау тәсілімен жария етіледі.

22. Қоғамның бағалы қағаздарын сауда-саттық ұйымдастырушысының тізіміне енгізген жағдайда, Қоғам және Инсайдерлер тізіміне енген тұлғалар Қоғам туралы және ол шығарған бағалы қағаздар туралы инсайдерлік ақпаратты сауда-саттықты ұйымдастырушысының ережелерімен бекітілген шарттар мен тәртіпте, бағалы қағаздардың аталған сауда-саттығы басталғанға дейін, жария етеді, егер оларды жария ету олардың құнын және Қоғамның қызметін өзгертетін болса.

23. Сауда-саттық ұйымдастырушысының тізіміне енгізілген бағалы қағаздар шетелдік мемлекеттердің аумағында қызмет атқаратын қор биржаларының сауда жүйелерінде айналғанда инсайдерлік ақпараттар келесі әдістердің бірімен ашылуы керек:

1) адамдардың түрлі орталарының арасында инсайдерлік ақпараттарды ашуды болжайтын хабарлар тізімдеріне Қоғамның бағалы қағаздары енгізілген барлық қор биржаларының мекенжайына бір уақытта жіберіледі, содан кейін Қоғамның Жарғысымен анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады;

2) адамдардың түрлі орталарының арасында инсайдерлік ақпараттарды ашуды болжайтын хабарлар Қазақстан Республикасының аумағында қызмет атқаратын қор биржасының мекенжайына жіберіледі, осыдан кейін тізімдеріне Қоғамның бағалы қағаздары енгізілген шет мемлекеттердің аумағында қызмет атқаратын қор биржаларының мекенжайына бір уақытта жіберіледі, Қоғамның Жарғысымен анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

24. Қоғамның Жарғысымен анықталған бұқаралық ақпарат құралдарының бірінде инсайдерлік ақпараттар алғаш орналастырылған (жарияланған) күн инсайдерлік ақпараттарды ашу күні деп саналады.

6-тарау. Инсайдерлік ақпаратты пайдалануға бақылау

25. Инсайдерлер құқықсыз:

1) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасағанда инсайдерлік ақпараттарды пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қол жетімді етуге;

3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы үшінші тұлғаларға нұсқаулар беруге.

26. Инсайдерлер тізіміне енген тұлғалар, өз қызметтік міндеттерін атқару үшін ондай ақпараттың қажеттілігі жоқ Қоғам қызметкерлері тарапына ақпаратқа қол жеткізуді шектеу үшін, құпиялық тәртібін ұстану бойынша қажетті шараларды қамтамасыз етуге міндетті.

27. Инсайдерлік ақпарат ашылу немесе заңсыз ашылу фактісі қаупі орын алғанда, немесе инсайдерлік ақпараты бар құжаттар (басқа ақпарат тасымалдауыштары) жоғалған жағдайда, Қоғам қызметкері өзінің тікелей басшысын дереу ескертуге міндетті, ол өз ретінді Қоғамның Комплаенс-контролерін және құрылымды үйлестіретін Басқарма мүшесін дереу ескертеді.

28. Инсайдерлік ақпаратты пайдаланумен байланысты функционалды міндеттері бар тұлғалармен Комплаенс-контролер түсіндіру және кеңес беру жұмысын жүргізеді, оның мақсаты инсайдерлік ақпаратты қорғау және жария етпеу қажеттілігін қамтамасыз ету болып табылады, инсайдерлік ақпаратты жария етпеу бойынша міндеттемелерді түсіндіру және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану үшін жауапкершілік шараларын түсіндіру.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	П-04 Инсайдерлік ақпараттар бойынша билік жүргізуді және пайдалануды ішкі бақылау ережелері	_____ ж. №4 Басылым	6-беттен 2-шісі
		20.12.2017 ж. №3 Басылымның орнына	

7-тарау. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану үшін жауапкершілік

29. Осы Ережелермен көзделген шектеулерді ұстанбаған жағдайда, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалануда және таратуда, ондай заңбұзушылықтарды жасаған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіптік, әкімшілік және басқа жауапкершілікке тартылады.

30. Осы Ережелер Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген күннен бастап заңды күшіне кіреді.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	П-04 Инсайдерлік ақпараттар бойынша билік жүргізуді және пайдалануды ішкі бақылау ережелері	ж. №4 Басылым	6-беттен 2-шісі
		20.12.2017 ж. №3 Басылымның орнына	

«СентрасИншуранс» СК» АҚ

Инсайдерлік ақпараттар

бойынша билік жүргізуді және

пайдалануды ішкі бақылау ережелеріне Қосымша №1

Құпия

Инсайдерлік ақпаратты жарияламау туралы міндеттеме хат

Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуге рұқсатыңыз бар болуына байланысты, Сіз «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Инсайдерлік ақпаратты реттеу жөніндегі саясатына сәйкес жасаған инсайдерлердің тізіміне қосыласыз. Инсайдерлер тізімінде инсайдерлік ақпаратқа алғаш қол жеткізген күн, инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді тоқтатқан күн және инсайдерлер тізіміне қосылу себебі көрсетіледі.

Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу тоқтатылғаннан кейін, Сіз тиісті тізімде көрсетілгендей, Компанияның инсайдерлер тізімінен шығарыласыз.

Инсайдерлік ақпарат - ашылуы Қоғам / эмитенттің бағалы қағаздарының құнына айтарлықтай әсер етуі мүмкін Қоғамның / эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары туралы, сондай-ақ Қоғам / эмитент және оның қызметі туралы, үшінші тараптарға белгісіз кез келген ақпарат.

Қоғам инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізген тұлғаларды мұндай ақпаратты, оның ішінде инсайдерлік ақпаратты теріс пайдаланғаны немесе таратқаны үшін санкциялармен қамтамасыз етудің құқықтық салдарларымен таныстыру үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

Инсайдерлік ақпаратты пайдалануға шектеулер:

Компанияның / эмитенттің инсайдері бола отырып, Сіздің келесіге құқығыңыз жоқ:

- 1) өз мүдделері үшін немесе үшінші тұлғалардың мүдделері үшін, инсайдерлік ақпаратты пайдалана отырып, бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға;
- 2) инсайдерлік ақпаратты немесе оған негізделген ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғаларға қолжетімді етуге;
- 3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген, бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер туралы ұсынымдарды үшінші тұлғаларға беруге.

Құпиялықты ұстану туралы міндеттеме

Сіз білетін немесе болашақта білетін инсайдерлік ақпарат қатаң құпия болып табылады және үшінші тұлғаларға жария етілмейді. Рұқсат етілмеген тұлғалардың инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуіне жол бермеу үшін, Сіз барлық тиімді шараларды қабылдауыңыз қажет.

Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік

Жоғарыда көрсетілген шектеулер сақталмаса, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану және тарату жағдайында, Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық, әкімшілік жауапкершілікке тартыласыз, сонымен қатар Сізге қатысты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

Осы хатқа қол қою арқылы Сіз Қазақстан Республикасының инсайдерлерге қатысты жоғарыда көрсетілген шектеулерді қабылдауды, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты жарияламау және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану мен тарату үшін санкциялармен танысу туралы міндеттемелерді қабылдағаныңызды растайсыз.

(Т.А.Ә., қолы)

(Күні)

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	П-04 Инсайдерлік ақпараттар бойынша билік жүргізуді және пайдалануды ішкі бақылау ережелері	ж. №4 Басылым	6-беттен 2-шісі
		20.12.2017 ж. №3 Басылымның орнына	

«СентрасИншуранс» СК» АҚ

Инсайдерлік ақпараттар

бойынша билік жүргізуді және

пайдалануды ішкі бақылау ережелеріне Қосымша №2

Құпия

Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуге рұқсаты бар тұлғаларды тізімнен шығару туралы хабарлама

Бұрын Сіздің инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуге рұқсатыңыз бар болған, енді инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу рұқсатыңызды жоюға байланысты, Сіз Инсайдерлік ақпараттар бойынша билік жүргізуді және пайдалануды ішкі бақылау Ережелеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, «Сентрас Иншуранс» СК» АҚ (бұдан былай - Қоғам) жасаған инсайдерлер тізімінен шығарыласыз.

Құпиялықты сақтау туралы міндеттеме

Сіз қол жеткізген инсайдерлік ақпарат өте құпия болып табылады және Сіз инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуге рұқсаты бар тұлғалардың тізімінен шығарылған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде жария етілмейді.

Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану үшін жауапкершілік

Құпиялыққа, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалануға және таратуға қойылатын талаптар сақталмаған жағдайда, Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған азаматтық, әкімшілік және өзге де жауапкершілікке тартыласыз.

Осы хатқа қол қою арқылы Сіз Қазақстан Республикасының инсайдерлерге қатысты жоғарыда көрсетілген шектеулерді қабылдауды, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты жарияламау және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану мен тарату үшін санкциялармен танысу туралы міндеттемелерді қабылдағаныңызды растайсыз.

(Т.А.Ә., қолы)

(Күні)

